| Тобы | Орта топқа арналған перспективалық жоспар | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Оқу жылы мен айы | Мамыр 2022-2023 | | | | | | | | | |
| Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі | *Денсаулық* | *3* | *Қатынас* | *2* | *Таным* | *2,5* | *Шығармашылық* | *3* | *Әлеумет* | *0,5* |
| | Дене шынықтыру | 3 | Сөйлеуді дамыту | 1 | Математика негіздері | 1 | Сурет салу | 1 | Қоршаған ортамен танысу | 0,5 |
| | | | Көркем әдебиет | 0,5 | Құрастыру | 0,5 | Мүсіндеу | 0,25 | | |
| | | | Орыс тілі | 0,5 | Жаратылыстану | 1 | Жапсыру | 0,25 | | |
| | | | | | | | Музыка | 1,5 | | |
| | | | | | | | *Вариативті компонент/Шығармашылық* | *0,5* | *Вариативті компонент/Әлеумет* | *0,5* |

**Бейбітшілік қорғанында/На страже мира/Peace (1-апта)**

**Мақсаты:** балаларды Отан қорғаушылардың әскери қызметінің негізгі мәнімен таныстыру; дабылдың қағуын, маршттың ырғағын естіген кезде ырғақты адымдау қимылдарын жасап, көтеріңкі көңіл-күйге бөленуге баулу.

| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Барабан дабылы"<br>Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау және отыруға үйрету; тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіруге жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: "Барабан дабылы. Дауыссыз [п], [б] дыбыстары."<br>Мақсаты: балаларды [п] және [б] дыбыстарын жеке, буын және сөз құрамында айту тәртібімен таныстыру, дауылпаз музыкалық аспабының қасиеті туралы мағлұматтарды беру. Балалардың артикуляциясын [п], [б] дыбыстарын айту арқылы жетілдіру, тілін, есте сақтау, фонематикалық есту қабілетін дамыту; ересектің үлгісі бойынша өз әрекеттерін түсіндіру іскерлігін қалыптастыру. Балалардың қоршаған заттардың шығаратын дыбыстары әлеміне деген байқағыштығын тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: "Жауынгерлер сапқа тұрды"<br>Мақсаты: балалардың дыбыс, қимыл саны туралы түсініктерін жетілдіру; "санына сай", "саны қанша, сонша", "қасиеті бірдей, саны айрықша заттарды екіге тең бөлу" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру; жауынгерлер қызметі туралы жалпы мағлұмат беру. | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: "Әскери көлік"<br>Мақсаты: балаларды көлденең сопақшаның үстіңгі жағына тиістіріп, ортасы жоғары көтерілген доғалы сызықты, дөңгелектің жартысын салуға жаттықтыру; сопақшаның үстінен тиістіріп, көлемі бірдей бірнеше дөңгелектерді салып, әскери көлік нысанын салуға үйрету; Отан қорғаушылар күні жөнінде түсініктер беру, әскери көліктің жай көлікпен ұқсастықтары барына көңіл аударып, білімдерін тиянақтау. Қарындаш арқылы қағаз бетіне үлкен пішін салу техникасын, доғалы сызықты жарты дөңгелек пішініне айналдыру амалдарын қалыптастыру. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>Тақырыбы: "Әскер"<br>Мақсаты: балаларды Қазақстанның Қарулы Күштері жайлы мәліметтермен таныстыра отырып, Қазақстан әскері туралы түсініктерін кеңейту; табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін қалыптастыру; балаларға өз Отанының қауіпсіздігі мен болашағы үшін қорған болу әрбір азаматтың саналы түрдегі жауапкершілігі екендігін ұғындыру; Ұлы Отан соғысы, Жеңіс күні және Отан қорғаушылар күні туралы түсініктерін қалыптастыру; бейбітшілік қорғаны мазмұнының мәнін түсіндіру. |
|---|---|---|---|---|---|

Сканировано с CamScanner